



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

- <http://www.telegraph.co.uk/comment/3643823/Enoch-Powells-Rivers-of-Blood-speech.html>
12. Favell A. (1998) *Philosophies of Integration: Immigration and the Idea of Citizenship in France and Britain*. Hampshire/New York: Palgrave Macmillan, p. 105
 13. Hansen R. (2000) Op. Cit., p. 33
 14. Joppke C. (1999) Op. Cit., pp. 117-119
 15. Rattansi A. (2011) *Multiculturalism: A Very Short Introduction*, Oxford: Oxford University, p. 26
 16. 93.) Office for National Statistics (ONS) (2011) *Migration Statistics Quarterly Report. Polish People in the UK - Half a million Polish Residents*, August 2011
<http://www.ons.gov.uk/ons/rel/migration1/migration-statistics-quarterly-report/august-2011/index.html>
 17. Centre for Economic Performance (2010) *Election Analysis: Immigration and the UK Labour Market: The Evidence from Economic Research*. London, p. 4
<http://cep.lse.ac.uk/pubs/download/ea006.pdf>
 18. Hansen R. (2000) Op. Cit., p. 62
 19. Pfaff W. (2005) 'A monster of our own making', *The Guardian/The Observer*, 21.08.2012
<http://www.guardian.co.uk/uk/2005/aug/21/july7.terrorism>
 20. S. Zubaida (1995) 'Is There a Muslim Society?', *Economy and Society*, 24(2): 151-88
 21. Rattansi A. (2011) Op. Cit., p. 132
 22. Moosavi L. (2012) 'Muslims are well-integrated in Britain – but no one seems to believe it', *The Guardian*, 3.07.2012
<http://www.guardian.co.uk/commentisfree/belief/2012/jul/03/muslims-integrated-britain>
 23. Modood T. and Salt J., ed. (2011) Op. Cit., p. 262

УДК 307-56

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТА ЖҮЙЕСІНДЕГІ БРИКС МЕМЛЕКЕТТЕРІ

Сәрсенбекова С.С.

Халықаралық қатынастар мамандығының 4 курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші Джумадилова Г.М.

Қазіргі таңда экономикалық күш маңызы алдыңғы қатарға шыққаны мәлім, және сол экономиканың негізгі күші-ақша. Ақшаның өзі жаһандану дәуірінде ерекше тауарға айналып отыр. Бұрында ақша өндіріске қызмет атқарып, өндіріс көлеміне қарап шығарылып, алтынмен бағаланса, қазіргі кезде бәрі мүлдем басқаша. Жалғыз ақшаның (валютаның) көмегімен экономиканы құлдыратуға немесе көркейтуге болады. Экономикалық өсімге әсер беретін факторлардың бірі мықты валюталық саясат. Мемлекеттер барынша валюта тұрақтылығын сақтауға тырысады, мысалы, Қытайдың Орталық Банкі (ОБ) 30 жыл бойы бекітілген юань курсы ұстап келді, нәтижесінде курсың бағамы төмендеді, осылайша қаржы қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, халықаралық тауар нарығында қосымша артықшылықтар берді. Мемлекеттер, экспортқа бағытталатын болса, валютаның төмендеуіне барлық жағдайлар жасайды, осылайша мемлекеттегі тауарлар басқа елге арзан бағамен жетіп, бәсекеге қабілеттілігі артады. Ресей Федерациясының Орталық Банкі экспортқа негізделген салалардың қызығушылығының негізінде тұрақты курс саясатын валюталық коридор шеңберінде жүргізіп отырды. Бірақ бұндай саясат 1990 жж. аяғындағы рубльдің девальвациясының алдын алған жоқ. Бразилия және ОАР еркін валюталық режим саясатын жүргізіп, ұлттық валютаның тұрақтануына қол жеткізді.

Соңғы жылдары, БРИКС мемлекеттері валюталық ынтымақтастыққа назар аударып отыр. БРИКС даму банкін және Валюталық Резерв Пулын құрғанын атап өту керек және мемлекеттер арасындағы қаржы операциялардың біраз бөлігі және екі жақты сауда-саттық өз


валюталарында жүзеге асырылып жатыр.

Дегенмен, БРИКС мемлекеттерінің валюталық ынтымақтастығының бірнеше қиыншылықтары бар:

- Мемлекеттер арасындағы сауда-саттық әлі де төменгі деңгейде;
- Ең ірі АҚШ құнды қағаздарын және мемлекеттік облигацияларын ұстаушы ол Қытай болып табылады, яғни төлем балансын реттеп отыру үшін Қытайға АҚШ доллары керек екенін мойындау керек.
- Мемлекеттер өзара емес, Батыс мемлекеттерімен сауда саттық көлемі көбірек болғандықтан, ұйымнан тыс мемлекеттермен ынтымақтастыққа мүдделі.
- Валюталардың әлсіздігі. Әлемдік валюталық резерв бойынша бірінші орында АҚШ доллары 60,7%-ды құрап жатса, евро 24,2%-ға тең, 4%-ын жапондық иена алса, 3,9%-ы ағылшын фунт стерлингіне тиесілі [3].

Мемлекеттердің экономикаларындағы жағымды немесе жағымсыз жағдайлар бірден валютаның динамикасында көрініс табады, экономикалық салада бір ауытқулар болса, ол бірден валютаға әсер етіп отырады. БРИКС мемлекеттерінің валюталары әлемде тұрақты валюталар қатарына кіреді, дегенмен, рубль және рупия құны басқа мемлекеттер валюталарына қарағанда төмендеу екенін 1-диаграмма дәлелдеп отыр

БРИКС елдерінің валюта курсы, 1995-2017



БРИКС мемлекеттерінің валюталарының тұрақтылығы немесе тұрақсыздығын анықтау үшін 1-диаграмма көрсетілген. Диаграммада Бразилияның реалы, ОАР-ның рэнды, Қытайдың юаньі тұрақтылығы байқалады. Ресейдің рублі және Үндістанның рупиінің бірнеше толқуларын көруге болады, Ресей рублінің 2 тоқыны:

- 1998 жылы құлдырауына негізгі себеп-басынан кешірген экономикалық дағдарыс, ол Ресей экономикасының басынан өткен ең ауыр кезеңдердің бірі деуге болады. Дағдарысқа әсер еткен факторлар: отын-энергетикалық кешеннің әлемдегі құнының төмендеуі, ол Ресей экспортындағы негізгі сала болғандықтан, мемлекеттегі табыс көлемі азайған болатын және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дағдарыс та өз әсерін берген еді. Осы қиыншылықтардан шығу үшін Ресей техникалық дефолт жариялайды, нәтижесінде рубльдің долларға қарағанда құны күрт төмендейді. Бұл дағдарыстың әсері 2000 жылдарға дейін жалғасады
- 2013-2015 жылдары Ресей рублінің әлсіреуіне әсер еткен, мұнай бағасының төмендеуі, себебі Ресейдің мемлекеттік бюджетінің 1/3 бөлігін мұнайдоллар (нефтедоллар) құрайды, ал мұнайдың құны долларға қарағанда 30%-ға құлдырайды. Ресейдің ЕО-пен және Түркиямен қарым қатынасының нашарлауы экономиканың басым салаларына әсерін берді.

Үндістанның рупиінің 1995-1999 және 2011-2015 жылдары толқуы болады. Бұл көрініске әсер еткен біріншіден, дағдарыс (Оңтүстік-Шығыс Азия, қаржы дағдарысы) әлемдік қаржы және банк секторларын әлсіретеді, екіншіден мемлекеттің экономикасының


әлсіреуі, Үндістандағы өндірістің көлемінің азаюын жатқызуға болады.

Мемлекеттердің валюталарының тұрақтылығы мемлекет ішіндегі өнеркәсіптер үшін де, инвесторлар үшін де өте маңызды болып табылады. Тұрақты валюта саясатын жүргізу арқылы мемлекеттің компаниялары тауарларын шетелге тиімді бағамен шығаруға мүмкіндік алады, ал мемлекеттің экономикасы жаңа қаражаттармен толықтырылып отырады. Мемлекетте валюталық тұрақсыздық болған жағдайда шетелдік инвесторлар қаражат құюға қауіптенеді, себебі құйылған қаражаттың құны елде құнсыздануы мүмкін, мемлекет ішіндегі шетелдік компаниялар да шығынға ұшырайды. Валюта-халықаралық капитал қозғалысындағы маңызды бірлік, ал оның тұрақтылығы- жағымды фактор.

БРИКС мемлекеттерінің валюталарының әлемдік валюталар айналымы жүйесіндегі позициялары күннен-күнге өсіп келе жатыр. Мемлекеттердің валюталары ең көп тараған валюталар жұбының алғашқы 20 тобына кіреді (2-диаграмма).

2-диаграмма

Triennial Central Bank Survey. Foreign exchange turnover



Апріл 2013 мәліметтері негізінде жасалды

валюталар жұбы	көлемі	әлемде алып жатқан пайызы	әлемдегі орны
USD/CHY(долл./юань)	113 млрд.долл	2,1%	8-орын
USD/RUR(долл./рубль)	79 млрд.долл.	1,5%	10-орын
USD/ZAR(долл./рэнд)	51 млрд.долл.	1%	16-орын
USD/INR(долл./рупия)	50 млрд.долл.	0,9%	17-орын
USD/BRL(долл./реал)	48 млрд.долл.	0,9%	19-орын

Рубль бағамының тұрақсыздығына қарамастан, рубль әлемдегі валюталар қолданысындағы белсенді валюталар тобына жатады. Мысалы, Қытай юаньі 2013 жылы әлемдік Forex-те орташа есеппен күндік сатылу көлемі 120 млрд. Долл. құраса, рубль 85млрд.құраған еді. Әлемдегі ең көп қолданылатын валюталар жұбының алғашқы ондығына юань мен рубль енген болатын.USD(долл.)/CHY(юань) валюталарының өзара күндік айналымы 113 млрд.долл. үлесі 2,1%-ды құрап, 8-орынға ие болса, ал USD(долл.)/RUR(рубль) валюталарының өзара күндік айналымы 79 млрд.долл. үлесі 1,5%-ды құрап, 10-орында орналасты. Сонымен қатар, басқа валюталар алғашқы 20-тобына кіреді: USD(долл.)/ZAR(рэнд) 16-орын, USD/INR(долл./рупия) 17-орын, USD/BRL(долл./реал) 19-орындарды алып жатыр. 2013 жылы әлемдік валюта нарығындағы юань үлесі 2,2%-ды құрап 9-орын алса, рубль 1,6%-ды құрап, 12-орынды алды. БРИКС мемлекеттері арасынан юань мен рубльдің әлемде алдыңғы қатарлы орындарда. Бұл мемлекеттердің валюталық резерв көлемі бойынша да алдыңғы қатарлы орындарда [4].

2012жылы 29 наурыздағы Дели саммитінде қабылданған декларацияда БРИКС мемлекеттері «нарықтық экономикадағы дамушы мемлекеттердің дамуын қолдайтын

әділетті халықаралық валюталық жүйесін құру және жақсарту» курсына бағытталғанын мәлімдеген болатын[2]. Мемлекеттердің ортақ мәселесі АҚШ долларына деген тәуелділіктен арылу болып табылады, себебі доллардың маңызының артуы, елдердің валюталарының әлсіреуіне алып келеді. Сондықтан мемлекеттер БРИКС ұйымы шеңберінде өз валюталарымен төлеу стратегиясын алдыға тартып отыр. 2010-2014 жж. Қытай Халық Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы тауар айналым 50%-ға дейін өсіп, 88млрд.долл.құрады.Ресейдің сыртқы тауар айналымындағы Қытай үлесі 10%-ды құрады. 2014 жылы Ресей Федерациясымен Қытай арасындағы трансшекаралық төлемдер көлемі 9,95 трлн.юаньға дейін жетіп, Қытай сыртқы сауда айналымының 38%-ын құрады. 2011 жылы Ресей мен Қытайдың Халық Банкі ұлттық валютамен төлемге көшу туралы келісім қабылдаған болатын. Яғни осындай кадам арқылы өз валюталарының айналымдағы көлемін арттыруға тырысты деуге болады.2010 жылы CNY(юань)/RUR(рубль) валюталар жұбымен сауда жүргізу Қытай шетел валюталарының саудасы жүйесінде (China Foreign Exchange Trade System - CFETS, Шанхай) және Ресейде, Мәскеу биржаларында басталған еді. 2014 жылы екі алаңдағы юань және рубль валюталарымен сатылым 1,9 млрд.долл. құрады[1].

2013 жылы БРИКС саммитінде Қытай және Бразилия өз валюталарымен 30 млрд.долл. эквивалентімен сауда жүргізу туралы келісімге келген болатын, ол дегеніміз, екі мемлекет арасындағы сауда-саттықтың жартысы доллар аймағынан шықты. Мемлекеттердің бұндай қадамы бір жағынан доллардың әлсіреуіне алып келсе, екінші жағынан юаньның күшеюіне алып келеді. Сондықтан өз валюталарымен төлеу саясатына бірден-бір мүдделі мемлекет ол Қытай болып табылады.

БРИКС мемлекеттерінің валюталық ынтымақтастығына SWOT анализ

S (мықты жақтары)	W (әлсіз жақтары)
1. Мемлекеттер БРИКС даму банкін және Валюталық Резерв Пулын құрды. 2. 2011 жылы Ресей мен Қытайдың Халық Банкі ұлттық валютамен төлемге көшу туралы келісім қабылдаған болатын 3. 2013 жылы БРИКС саммитінде Қытай және Бразилия өз валюталарымен 30 млрд.долл. эквивалентімен сауда жүргізу туралы келісімге келген болатын. 4. 2010 жылы CNY(юань)/RUR(рубль) валюталар жұбымен сауда жүргізу Қытай шетел валюталарының саудасы жүйесінде (China Foreign Exchange Trade System - CFETS, Шанхай) және Ресейде, Мәскеу биржаларында басталған еді	1. Ең ірі АҚШ құнды қағаздарын және валютасын ұстаушы ол Қытай болып табылады, яғни төлем балансын реттеп отыру үшін Қытайға АҚШ доллары қажет. 2. Валюталардың әлсіздігі. Әлемдік валюталық резерв бойынша бірінші орында АҚШ доллары 60,7%-ды құрап жатса, евро 24,2%-ға тең. 3. Мемлекеттер өзара емес, Батыс мемлекеттерімен сауда саттық көлемі көбірек болғандықтан, ұйымнан тыс мемлекеттермен ынтымақтастыққа мүдделі.
O (мүмкіндіктері)	T (қауіптері)
1. БРИКС даму банкін және Валюталық Резерв Пулы арқылы валюталық интеграцияны күшейтуге жол ашылды. 2. Мемлекеттер арасындағы тауар айналымды және қаржы операцияларын өз валюталарында жүргізу. 3. Биржаларда мүше-мемлекеттердің валюталарымен сауданы одан әрі ынталандыру.	1. Мемлекеттердің экономикалары әлемдік дағдарыстардан кейін әлсіреген, экономикалық көрсеткіштер одан әрі төмендеу қаупі бар. 2. Қытай биржалары, әсіресе Шанхай биржасындағы бағалардың құлдырауы, Қытай экономикасына үлкен зардап әкелу қаупі бар, әсіресе валютаға әсер етуі мүмкін.

SWOT-анализде байқап отырғанымыздай мемлекеттердің валюталық интеграциясында мүмкіндіктер мен мықты жақтары басым. БРИКС интеграциясы күннен-күнге тереңдеп келе жатыр және институционалды құрылымдары да кеңеюде. Мемлекеттер БРИКС даму банкін және Валюталық Резерв Пулын құрды, бұл валюталық интеграция үшін өте жағымды жағдай

болып табылады. Мемлекеттер өзара сауданың басым бөлігін өз валюталарында жүргізуге қадамдар жасап келеді, мемлекеттердің бұндай қадамға баруы өте қауіпті, себебі бір мемлекеттің валютасы құлдыраған кезде, екінші мемлекетке барғанда құнсызданады, дегенмен мемлекеттер осы қадам арқылы валюталарының үлкен айналымда ұлғайтуына тырысуда. Менің ойымша, валюталық ынтымақтастықты дамыту үшін, мемлекеттер бір-бірінің ақша бірліктерін қолдау, ұйым шеңберіндегі капитал айналымындағы басқа валюталар үлесін біртіндеп азайту деген шараларды қолдану керек. Мүмкін болашақта ұйымның ортақ валютасы пайда болады. Ең маңыды шарт-мемлекеттер арасындағы саудасаттықты ұлғайту, жалпы капитал қозғалысына қолайлы жағдайлар жасау.

Жалпы БРИКС ұйымының іс-әрекеттері көп мемлекеттердің назарын аударып отыр, себебі, мүше-мемлекеттер әр аймақтың лидерлері болып табылғандықтан, БРИКС жиындарында қабылданған шешімдер аймаққа тарауы мүмкін. БРИКС аймағынан өте көп көлемде капитал айналымы және үздіксіз трансшекаралалық төлемдер жүреді. БРИКС мемлекеттері экономикалары қарқынды дамуы және мемлекеттердің ішкі саясатындағы тұрақтылық шетел капиталының ағымына ықпал етуші факторлардың бірі. БРИКС ұйымының институттары да құрылып келе жатыр, бұл дегеніміз мемлекеттердің ұйым шеңберінде ынтымақтастыққа мүдделі екенін дәлелдеп отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Биржевый рынок «юань/рубль»: настоящее и перспективы www.moex.com.
2. Декларация Дели
3. Currency composition of official foreign exchange reserves. – Last updated: September 30, 2014. – <http://www.imf.org/external/np/sta/cofer/eng/cofer.pdf>.
4. Triennial Central Bank Survey. Foreign exchange turnover in April 2013

УДК 327.394.00.32

ПУТЬ КАЗАХСТАНА ИЗ РЕЦИПИЕНТА В СТРАНУ-ДОНОРА: СТАНОВЛЕНИЕ ИНСТРУМЕНТА ОФИЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ РАЗВИТИЮ

Темиров Ануар Еренович

temirov.ir@gmail.com

студент 3 курса факультета Международные отношения

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А.Ж. Турханова

На сегодняшний день Республика Казахстан, пройдя тернистый путь со времен обретения независимости, показывает колоссальные успехи, как во внутренней, так и во внешней политике. Мощь современного государства определяют не только количество вооружения и современной техники, но и оказание помощи развивающимся странам. Казахстан преодолел уникальный путь от получателя помощи, превратившись в донора для многих государств. Каким же был этот путь?

Конец XX столетия для бывших республик Советского Союза запомнился не только обретением независимости, но и гиперинфляцией, голодом, катастрофическим состоянием экономики. Республика Казахстан не стала исключением и вынуждена была принимать помощь. В период между 1992 и 2008 годами, государство из Центральной Азии получило помощь 319,4 миллионов долларов США только из Германии. [1, С.7]. Комитет официальной помощи развитию ОЭСР приводит такую статистику, что Республика Казахстан получила официальную помощь в \$111,5 млн. только в 1991 году, а в 1998 году-\$223 миллиона. Казахстан, как новый участник международных отношений, охотно принимал помощь от западных партнеров, участвовал в программах развития. В рамках программы TACIS Европейского Союза, Казахстан получил 153 миллиона евро за период с 1991 по 2004 годы.